

ОТЫРАР кітапханасы  
Ақпараттық-библиографиялық  
қызмет көрсету бөлімі



## **БІРЕГЕЙ ТАЛАНТ ИЕСІ**

*/БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ - 100/*

Ақпараттық-библиографиялық құрал

Отырар, 2024 жыл

**«Бірегей талант иесі» [ақпараттық-библиографиялық құрал]  
Отырар кітапханасы; құрастырған: Р.Мақтабекова, редактор:  
Р.Пернебаева, жауапты: А.Рыскелді – Отырар.**

## АЛҒЫ СӨЗ

Жыл сайынғы дәстүр бойынша «Бір ел–бір кітап» республикалық акциясының ұйымдастыру комитеті 2024 жылғы кезекті жыл кітабын таңдау нәтижесі бойынша көрнекті жазушы, биыл 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде тойланатын Бердібек Соқпақбаевтың шығармалары жыл бойы оқуға ұсынып отыр.

«Кітап - ақылына ақы сұрамайтын ең құнды қазына» деген екен түркі жұртының ұлы ақыны, ойшылы Әлішер Науаи. Расында қай ғасырда да кітаптың алатын орны бөлек. Кітап кемелденуге көмектеседі. Қаншама технологиялар шығып жатса да бұлардың бәрі кітапты алмастыра алмасы анық.

Адам өмір сүріп отырған қоғамның ықылым заманнан келіп жеткен қазыналары мен кереметтерін кітапханадан, кітаптан табады. Кітапты ғылым, білімнің адамзат ақыл-ойының жиынтығы сақталған қазыналы сандық десек болады. Сол сандықтағы байлықты қалай алуға болады? Кітап әлеміне оқырманды қалай енгізуге болады? Оның бірден-бір жолы - «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы.

Акцияның мақсаты – жастарды патриоттыққа және адамгершілікке тәрбиелеуге, ана тілге мұқият қарауға, оқу мәдениетін қолдау мен дамытуға, сауаттылық бағдарламасын арттыруға, рухани мұраны сақтауға және оқуға жәрдемдесу болып табылады. Осы орайда «БІРЕГЕЙ ТАЛАНТ ИЕСІ» атты ақпараттық-библиографиялық құралды назарларыңызға ұсынып отырмыз.



## Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаев

...Жазып та көрдім мен де өлең,

Жазып та көрдім, қара сөз.

Ерте ме, кеш пе, мен де өлем,

Өлмейді тек дана сөз, - деп жазған

Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы

15 қазанда дүниеге келді. Туған өлкесі – Алматы облысы, Нарынқол ауданының Қостөбе ауылы.

### БЕРДІБЕК САЛҒАН СОҚПАҚ

Қазақ әдебитетіне өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат алып келген көрнекті жазушы Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаев Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына отан алдындағы борышын өтеп келгеннен кейін түсіп, оны 1949 жылы аяқтады. Содан кейін Мәскеуде Жоғары әдеби курсты бітірген.

Еңбек жолын өзінің туған өлкесі Нарынқолда бастады. Біраз жыл ауыл мектебінде ұстаздық етті.

Балалармен бірге жұмыс істегені оның балалар әдебиетіне тың серпіліс әкелуіне ықпалын тигізді. Шығармашылық жолын балаларға арнап өлең жазудан бастады. Олар "Лениншіл жас", "Қазақ пионері", "Пионер" журналдарында басылып тұрды.

Содан кейін Алматыға әдеби ортаға келеді. "Қазақ әдебиеті" газетінде, "Балдырған" журналында тартымды мақала, әңгіме жазды.

Бердібек Соқпақбаев шығармаларында қандай тақырыптар қозғалады? Бердібек Соқпақбаев қазақ әдебиетіне екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары қосылды. Жазушы шығармаларында Ұлы Отан соғысы жылдарындағы балалардың өмірі, тылдағы еңбек жағдайы әсерлі етіп суреттелген. Сонымен қатар достық, махаббат және спорт тақырыптарын ерекше жеткізе білген.

## Шығармалары

---

- "Бұлақ" өлеңдер жинағы (1950)
- 
- "Он алты жасар чемпион" (1951)
- 
- "Бақыт жолы" (1952)
- 
- "Алыстағы ауылда" (1953)
- 
- "Менің атым Қожа" (1957)
- 
- "Дала жұлдызы" (1960)
- 
- "Аяжан" (1963)
- 
- "Қайдасың, Гауһар" (1966)
- 
- "Балалық шаққа саяхат" (1960).
- 
- "Өлгендер қайтып келмейді"



Повестің басты кейіпкері – Қожа арманшыл, сотқар бала. Тектектігімен үнемі түрлі жағдайларға тап болып жүретін Қожа ақыл-ойы мен біліктілігінің арқасында қиындықтардан шыға алды. Ол біреудің қайғы-қасіретіне көз жұма қарамайтын елгезек, жоғары әділеттілік сезіміне ие, досқа адал, қайырымды, зұлымдыққа жол бермейтін бала. Ал осы қасиеттердің барлығы оқырмандардың жүрегінен мейірімділік тудырып, Қожа – «батыр бала» атанды.

Жазушының 1960 жылы жарық көрген «Балалық шаққа саяхат» атты тағы бір повесті қазақ балалар әдебиетінің асыл мұрасына айналды. 1930-шы жылдардағы кішкентай кейіпкердің тағдыры арқылы өтетін повесть сол уақыттағы оқиғаларды және қазақ халқының қиын өмірін еш боямасыз көрсетеді. Соқпақбаев бұл шығармасында балалық шағын қызықты етіп әңгімелейді. Соның арқасында оқырман сол дәуірдің шынайы тарихи шындықтарын көре алды.



Жазушы «Өлгендер қайтып келмейді» романында өмір жолында алдынан шыққан барлық қиындықтарды еңсерген табанды, батыл жас жігіттің өмірін және мінезінің қалыптасуын көрсетеді. Романның әрбір бетінде сол уақытқа тән өмір ұшқындары кездеседі.

Жазушының кейінгі шығармаларының ішінде махаббат, сұлулық тақырыбына арналған «Қайдасың, Гаухар?» атты тамаша әңгімесі бар.


Бердібек Соқпақбаевтың барлық туындыларында оның шығармашылығының қайнар көзі халық өмірінен бастау алғаны сезіледі. Жазушының бейнелеу қабілеті өте бай. Ол өз кейіпкерлерінің портетін шебер суреттеп, әрқайсысын өзіне тән тілде сөйлетеді.





Қарағайдың қарсы біткен бұтағындай болмысы бар Бердібек Соқпақбаев жас оқырманның бойындағы жігерді жанып, күш бітіретіндей шығарма жазып кеткен, ол «**Жекпе-жек**». Бұрынғы атауы «Он алты жасар чемпион». Автор өзі батыл да тәуекелшіл, шымыр да епті адамтұғын, бірақ заманның қиын кезінде өскен соң спортпен айналысатын мүмкіндігі болмаған. Жазушының осы арманы қолыңыздағы кітап арқылы орындалғандай көрінеді.

Бердібек Соқпақбаевтың «**Аяжан**» повесінде қаланың қаршадай қызының ауылға барып, ауыл тіршілігімен танысуы, ауыл адамдарына қала адамдарының жақсы қасиеттерін таныстыруы өте қызықты баяндалған. Шығарманы оқи отырып, қала баласының ауылға жиі барып тұруының пайдасы зор екенін түсінесің де. Жазушының жеңіл әрі жатық тілмен жазылған бұл шығармасы да өзге шығармалары секілді кішкентай бүлдіршіндірді баурап алары сөзсіз.



Жазушының тағы бір көлемді шығармасы – 1953 жылы Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан жарық көрген «**Алыстағы ауылда**» деп аталатын повесі. Бұл повесінде Б.Соқпақбаев мектеп оқушыларының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы колхозға тигізген жәрдемін арқау етеді. Балалардың жазғы демалыс кезінде шаруаға бастығып жұмысқа араласуы, жасөспірімдердің ұйымшылдығы көз алдымызға алыстағы ауылдың соғыстың қатал жылдарындағы шынайы суретін елестетеді.

Алаштың алғашқы ғалымы, тарихшы, шоқтығы биік Шоқан Уәлихановтың өмірі туралы очерктерді жазушы «**Дала жұлдызы**» кітабында түсінікті әрі көркем тілмен жеткізген. Туған жер (саяхатшының туған жері, балалық шағы) тарауынан бастап, Баянауыл сапары, Білім жолы, саяхаттары туралы әр тарауды қызыға оқисын. Ш.Уәлихановтың өміріне үңіле түсесің.



## Бердібек Соқпақбаев



**“... Алыстан арбалап материал тасымаймын, архивтің шаңын жұтпаймын. Жақыннан өз басымнан кешкенді,өзім байқап-түйгендерімді, өз айналамды дорбалап жинаймын .**

**Бір сөзбен айтсам:**

**өзін жазатын жазушымын. Мінез-құлық жағынан Қожа өзге емес, менің өзіме ұқсайды.”**

## **Қазақ зиялыларының Соқпақбаев туралы айтқан ықыласты сөздері**

...Бердібек өз көзімен көрген нәрсені ғана жазатын, қағазды бекерден бекерге шимайламайтын еді ғой. Жазады, түбін түсіріп барып бірақ тоқтайды. Бұл Бердібектің шырайы, Бердібекке ғана тән қасиет.

*Сайын Мұратбеков, жазушы.*

Бердібек өзінің еңбегімен халықтың дара жазушысы атанды. Ол тәңірінің тумасынан, жаратылыстың болмысынан, өзінің талантымен де, болмысымен де халықтың нағыз жазушы ұлы болды.

*Әбдіжәміл Нұрпейісов, Қазақстанның халық  
жазушысы.*

Б.Соқпақбаев – бірінші жақпен жазуды мықтап меңгерген жазушы. Мұның өзі оқиғаға өмірде болған қилы-қилы құбылыстарға сенімділікті, жазушының нақтылы оқиғаға тікелей қатысын танытады. Бердібектің «мені» маған қан-сөлі тамып тұрған өмір, бәріміз тіршілік етіп жүрген жер бетіндегі үлкенді-кішілі адамдардың әрекеті, болмаса қуаныш-күйініші боп көрінеді.

*Тахауи Ахтанов, жазушы.*

Б.Соқпақбаев – қалам құтын, өнер дәулетін кітапханадан іздемей, қияметтей қиын қыспақты қытымыр тірліктің өзінен іздеген, іздегенін тапқан талантты жазушы.

*Мұзафар Әлімбаев, Қазақстанның халық жазушысы.*

«Еңбегін бұлдап, бұлданғанын да естіген емеспіз. Көзі тірісінде қиянат көріп, қан жұтқан үлкен дарындар Қазақстанда аз болмады десек, соның бірі Бердібек еді».

*Баққожа Мұқай, жазушы.*

«Бердібек - сөзіне берік, ісіне ұқыпты жан еді. Мен білетін жазушылардың ішіндегі қарапайым, шаруақоры. Өзіне де, өзгеге де қатал, тура, әділ жан болатын».

*Мұзафар Әлімбаев, ақын.*

«Жазады - түбін түсіріп барып бір-ақ тоқтайды. Бұл - Бердібектің шырайы, Бердібекке ғана тән нәрсе еді».

*Сайын Мұратбеков, жазушы.*

Бердібек Соқпақбаев – қазақ әдебиетінде өзіндік өрнегімен, шындықты қарапайым әңгімелеу арқылы мөлдіретіп, көз алдына жайып салатын, кейіпкерлерді даралау мен психологиялық бейнелеудің де өзгеше бір жолын тапқан талантты жазушыларымыздың бірі еді.

*Серік Қирабаев, жазушы.*

Бердібек Соқпақбаев – өзі өмір сүрген кезеңнің келбетін боямасыз суреттеген қаламгер. Оның туындылары кез-келген оқырманды баурап алады.

*Ғабиден Мұстафин, жазушы.*

Қаламгердің анық өсіп, шеберліктің белгілі бір биігіне шыққанын көрсеткен туындысы – «Менің атым Қожа» повесі. Қожа бейнесі – қазақ балалар әдебиетіне қосылған қомақты олжа. Оның еңсесі барған сайын биіктеп, Марк Твеннің Том Сойерімен, Аркадий Гайдардың Тимурымен, қазақ фольклорының Тазша баласымен таласпай-ақ, тіпті, солармен жетеғабыл жүргеннің өзі әдебиет үшін аз бедел ме?

*Қастек Баянбаев, ақын.*



Бердібек Соқпақбаевтай жазушысы бар қандақ халқы бақытты. Кітаптарының жарық көргеніне қанша жыл болса да, әрдайым оқырманның жүрегінен ойып тұрып орын алған, еш ұмытылмайтын, қайталанбас туынды болып қалары сөзсіз.

Биыл кемел талант иесінің өмірден озғанына 33 жыл толады. Ғасырлар өтсе де, оның жарқын бейнесі мен өміршең туындылары ешқашан ұмытылмайды. Себебі,

**Бердібек - халықтың жүрегінде!**

Шәуілдір ауылы

Н.Оңдасынов көшесі, 2

Сымтетік: 77-5-78

Электронды пошта: **Otrar\_kitap@mail.ru**